

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаттының 2016 жылғы 3 маусымдағы № 23 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 шілдеде № 4981 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 487-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Занының 6-бабының 5-тармағына және "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 тіркелген, бұйрығына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген, 2010 жылғы 19 қантарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген, жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының мөлшері, қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы
Ж. МУХАМБЕТПАЙЗОВА

Облыстық
мәслихаттың хатшысы
С. ҚАЛДЫРҰЛОВА

2016 жылғы 03 маусымдағы
№ 23 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша
2009 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 235 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

**Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының
МӨЛШЕРІ ЖАЙЫҚ, ОЙЫЛ, САҒЫЗ, ЕМБІ ӨЗЕНДЕРІНІҢ бассейндері**

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	тенге/1000 тек.м	113,0
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегендеге	тенге/1000 тек.м	328,0
3.	Ауыл шаруашылығы	тенге/1000 тек.м	91,0
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	тенге/1000 тек.м	89,0
5.	Су энергетика	тенге/1000 кВт.сағ	-
6.	Су көлігі	тенге/1000 тек.м	11,0

Торғай, Ырғыз өзендерінің бассейндері

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	тенге/1000 тек.м	98,0
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегендеге	тенге/1000 тек.м	276,0
3.	Ауыл шаруашылығы	тенге/1000 тек.м	76,0
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	тенге/1000 тек.м	76,0
5.	Су энергетика	тенге/1000 кВт.сағ	-
6.	Су көлігі	тенге/1000 тек.м	-

Ескертпе: Төлемақы мөлшерлері сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.